

СЕГОДНЯ БОЛЕЕ ТРЕХ ТЫСЯЧ РАЦИОНАЛИЗАТОРОВ ПРИНИМАЮТ АКТИВНОЕ УЧАСТИЕ В ПРОЦЕССЕ РАЗВИТИЯ РАБОТЫ КОМПАНИИ. В ПЕРИОД С 2009 ПО 2023 ГОД РАЦИОНАЛИЗАТОРЫ ПРЕДСТАВИЛИ И ВНЕДРИЛИ В ПРОИЗВОДСТВО БОЛЕЕ 3 500 ИЗОБРЕТАТЕЛЬСКИХ ПРЕДЛОЖЕНИЙ. В РЕЗУЛЬТАТЕ ДОСТИГНУТА ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ЭФФЕКТИВНОСТЬ БОЛЕЕ 300 МИЛЛИОНОВ ТЕНГЕ.

Батыр КОТЫРЕВ,
главный инженер – директор департамента технической политики
АО «НК «ҚТЖ»



№91 (2908)
31/10/2023

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫН ҚҰРЫЛДЫ

Қазақстан, Әзербайжан және Грузия теміржолдары арасында Бірлескен кәсіпорын құрылды. Тбилиси қаласында бас қосқан үш елдің теміржол әкімшіліктерінің басшылары «Silk Road» Тбилиси форумының алаңында БК құру туралы келісімшартқа қол қойды.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана



Аталған елдердің теміржол компанияларының өкілдері Транскаспийлік Халықаралық Көлік Бағдарындағы (ТХКБ) мультимодальды сервисті дамыту үшін күш жұмылдырып отыр. Бірлескен кәсіпорын – «Middle Corridor Multimodal Ltd.» компаниясы «Астана» халықаралық қаржы орталығының базасында құрылады. Өзара бірлескен жұмыстар шеңберінде компания «бір терезе» қағидаты бойынша қызметтер ұсынуға, жеткізу мерзіміне кепілдік

беруге, Қытай-Еуропа/Түркия-Қытай бағытында мультимодальды сервисті дамыту жөнінде келісілген саясатты жүргізуге мүмкіндік береді. Транскаспий халықаралық көлік бағытын одан әрі дамыту үшін бірлескен логистикалық компания құру туралы келісім – маңызды құжаттардың бірі. Қазақстан, Әзербайжан және Грузия арасында құрылып отырған бірлескен компания тарифтерді біріктірумен және ТХКБ-дағы барлық жүкті өңдеумен айналыса-

ды. Компанияның басты міндеті – Қытай мен Еуропа арасында жүк тасымалдау. Сондай-ақ барлық процесті барынша жеңілдету. Бұрын бағдар бойынша жүктерді жеткізу мерзімі 53 күн болған, бүгінде ол 18-23 күнге дейін қысқартылған. Жаңа компанияның қызметі жеткізу мерзімін биыл 18 кепілдендірілген күнге дейін, содан кейін 10-15 күнге дейін қысқартуға септік етеді.

Сурет «ҚТЖ» ҰК» АҚ баспасөз қызметінен алынды

Сервис

НА ПЕРЕКРЕСТКЕ ОСНОВНЫХ МАРШРУТОВ

В Алматы дан старт реализации проекта по строительству логистического терминала и созданию современной платформы транспортно-логистических услуг и электронной коммерции.

Айлин БАУРЖАН,
Астана

Проект реализуется ҚТЖ совместно с Сухим портом города Сианя. Новый терминал будет создан на базе грузового терминала дочерней организации АО «НК «ҚТЖ» – АО «Кедентранссервис».

На церемонии запуска нового совместного проекта приняли участие руководство АО «НК «Қазақстан темір жолы», парткома КПК города Сианя и Сухого порта города Сианя.

Алматы, находясь на перекрестке основных международных маршрутов, является важнейшим транспортно-логистическим узлом.

Реализация проекта направлена на расширение возможностей инфраструктуры грузового терминала, что в дальнейшем позволит хранить и обрабатывать значительные объемы грузов на складах временного хранения, увеличить время обработки грузов, которое напрямую

влияет на своевременность доставки товаров, а также удовлетворить потребности рынка, в особенности рынка электронной коммерции.

– Мы хотим построить здесь полный современный транспортно-логистический центр, который будет соответствовать всем последним вызовам и обслуживать как железнодорожный, так и авто и другие виды транспорта. Также здесь будут оказываться все услуги: хранение, перевалка, электронные коммерции и многое другое, – отметил заместитель председателя правления по логистике АО «НК «ҚТЖ» Ерлан Койшибаев.

Развитие терминальных и складских возможностей позволит успешно консолидировать грузы практически из всех регионов КНР в режиме импортного хаба для грузополучателей города Алматы и Алмагинской области.

На территории терминала площадью десять гектаров планируется построить современные склады с применением



технологии регулирования температурного режима (1 400 м²), склады класса «А» для хранения тарно-штучных грузов и грузов электронной коммерции (36 000 м²). Китайской стороной предложено использование возможностей роботизированного складирования.

Проектом также предусмотрено контейнерная площадка (12 000 м²) с установкой электрического козлового крана грузоподъемностью 50 тонн.

Фото автора

ЖОҢҒАР ҚАҚПАСЫНДАҒЫ СТАНЦИЯ



Достық станциясы – ел темір жолының негізгі көлік тораптарының бірі. Шекаралық өткелде еңбек ететін теміржолшылар табиғаттың күрделі климаттық жағдайында жұмыс істеп, белгілі бір қиындықтармен бетпе-бет келіп жатады.

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана

Шекаралық станция арқылы теміржолмен Қытайға, Еуропаға және кері бағытта жүк тасымалданады. Осы жылдың тоғыз айында Достық – Алашанькоу (ҚХР) өткелі арқылы жүк айналымы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 17% өсіп, 11,8 млн тонна құрады. Оның ішінде импорт – 3,3 млн тонна (+4%), экспорт 8,5 млн тонна (+24%) деңгейіне жетті. Станция қызметкерлері күн сайын ҚХР-ға 15 пойыз сапарын.

Станциядағы жұмыс процесін ұйымдастыру кезінде жергілікті теміржолшылар үшін кейде табиғи



құбылыстар қиындық тудырады. Себебі мұндағы климат – күрт континентальды. Жазда температура +50°C, қыста –50°C аралығында болады. Станция Жоңғар қақпасы-

ның қазақстандық жағында орналасқан, олар шанды, құмды және кейде тіпті ұсақ тастарды суырып соғатын дауыл мен екпінді желдің (70 м/с дейін) өтінде жұмыс

істеуге мәжбүр. Қыста және күзде Көктұма – №16 разъезд – Ақтоғай – Достық теміржол учаскесінде теміржолшылар ауа райының қиын жағдайында жұмыс істейді. Қатты ызғарлы жел теміржол келігінің жұмысын қиындатып, учаскенің өткізу қабілетіне кері әсер етіп жатады. Станция қызметкерлері табиғи құбылыс әсерлерін азайту, тасымалдаудың қауіпсіздігі мен уақытылы жүргізілуін қамтамасыз ету үшін қолдан келгеннің бәрін жасауда.

Жалпы, осы жылдың 9 айында ҚХР мен Қазақстан арасындағы тасымалдау көлемі 22% артып, 21,1 млн тоннаны құраса, экспорт 31%, ал импорт 10% өскен.

Сурет архивтен

С КОМФОРТОМ В ПУТИ



Пассажиры поезда Оскемен – Астана смогут воспользоваться услугой «От перрона до дома».

С 2 ноября текущего года АО «Пассажи́рские перевозки» расширяет услугу «От перрона до дома» и запускает трансфер для пассажиров поезда № 67 Оскемен – Астана. Теперь пассажиры этого поезда могут добраться на комфортабельном микроавтобусе с перрона железнодорожного вокзала «Нұрлы жол» до дома (до пункта назначения). Посадка запланирована на пандусе вокзального комплекса. Стоимость поездки фиксированная – 850 тенге.

Пассажиру достаточно отсканировать QR-код в пассажирских вагонах, указать желаемый адрес и оплатить услугу. Также пассажиры могут самостоятельно приобрести трансфер от вокзала до дома через веб-сайт <https://uvu.kz/ktz>.

Комбинированные перевозки сокращают пассажирам время на поиск вариантов и подбор удобных стыковок между различными видами транспорта. Данная услуга позволит пассажирам оформлять проезд автобусным и железнодорожным транспортом в рамках одного маршрута, обеспечивая пассажиру поездку по принципу «От двери до двери», – сказал генеральный директор АО «Пассажи́рские перевозки» Жанибек Тайжанов.

Отметим, что воспользоваться услугой «От перрона до дома» могут пассажиры поездов № 3 Алматы – Астана, № 85 Шымкент – Астана, № 67 Оскемен – Астана.

Услуга реализуется в рамках проводимой работы по развитию интермодальных перевозок.

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ

КӨЛІК БАҒДАРЫНА КІРУГЕ МҮДДЕЛІ



Бірқатар еуропалық мемлекет Транскаспийлік халықаралық көлік бағдарына кіруге қызығушылық танытып отыр. Бұл туралы ҚР Көлік министрі Марат Қарабаевтың Брюссельде еуропалық ұйымдардың басшыларымен өткізген бірқатар екіжақты кездесуінде белгілі болды.

Министрліктің баспасөз қызметі хабарлағандай, Бельгия астанасында Марат Қарабаев еуропалық комиссияның вице-президенті Марош Шефчовичпен, көлік жөніндегі еурокомиссар Адина Валеанмен, ЕҚДБ президенті Одиль Рено-Бассомен, сондай-ақ BESIX бельгиялық-француздық құрылыс компаниясының бас директоры Филипп Дессомен кездесіп, онда Қазақстан мен Еуропалық одақтың құрылыс, энергетика, көлік және логистика саласындағы ынтымақтастығын тереңдету мәселелері талқыланған.

Сондай-ақ Марат Қарабаев Hyrasia Опе компаниясы мен «Саржа» теңіз терминалы арасындағы Құрық портынан Еуропаға таза сутегі мен аммиакты тасымалдау жөніндегі келісімге қол қою рәсіміне қатысты. Келісімшарттағы бір көпфункционалды «Саржа» терминалының құрылысын бастауға мүмкіндік береді.

– Біз тиімді транзиттік трансконтинентальдық дәліздер мен маршруттар желісін құрдық. Шығыс-Батыс бағыты бойынша Транскаспийлік халықаралық көлік бағдарының рөлі арта түсті. Бұған 2022 жылдың қорытындысы бойынша ЕО, ОА және ҚХР арасындағы жүк тасымалы көлемінің екі есе өсуі дәлел, – деді көлік дәліздері бойынша пленарлық және панельдік сессияға қатысқан Марат Қарабаев.

Сонымен қатар 2017 жылдан бастап Қазақстан, Қытай, Әзербайжан, Грузия, Түркия, Румыния, Польша және Болгарияның қатысуымен Халықаралық ТХКБ қауымдастығы жұмыс істейтінін атап өтті. Министрдің айтуынша, бұл күндері Австрия, Германия, Литва, Латвия, Эстония және Венгрия аталған көлік бағдарына кіруге қызығушылық танытып отыр.

Ұлан ОРАЗ, Астана

СТАНЦИЯДАН ЖӨНЕЛТІЛЕТІН НЕГІЗГІ ЖҮК – СОЛТҮСТІКТІҢ БИДАЙЫ. ЖҮЛ ОН ЕКІ АЙ БИДАЙ ТИЕУ МЕН ЖӨНЕЛТУ ТОҚТАУСЫЗ ЖҮРЕДІ. СОНЫМЕН ҚАТАР МЕТАЛЛ СЫНЫҒЫ, ҚИЫРШЫҚ ТАС, АҒАШ МАТЕРИАЛДАРЫ, ТАҒЫ БАСҚА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІ РЕСПУБЛИКА ІШІНЕ ТАСЫМАЛДАНЫП, ШЕТЕЛДЕРГЕ ДЕ ЭКСПОРТТАЛАДЫ.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

БИЫЛҒЫ ТОҒЫЗ АЙДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША

900 км

АСТАМ ЖОЛ
ЖАҢҒЫРТЫЛҒАН.

ҚЫЗЫЛОРДА
МАГИСТРАЛЬДЫҚ ЖЕЛІ
БӨЛІМШЕСІ ТАРАПЫНАН
БИЫЛ

102 км

ЖОЛ БОЙЫНА
ҚОРШАУ
ОРНАТЫЛҒАН.

ЖҮЛ БАСЫНАН
БЕРІ ҚОСТАНАЙ
МАГИСТРАЛЬДЫҚ ЖЕЛІ
БӨЛІМШЕСІ БОЙЫНША
ПОЙЫЗДАР

18

РЕТ ШҰҒЫЛ ТЕЖЕГІШТІ
ҚОЛДАНҒАН.

ТЕХНИКА КӨМЕККЕ КЕЛДІ

 **Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау

Жақында Бейнеу жол дистанциясына құм тазалайтын техника келіп, жолшылардың қолы ұзарып қалды. Бірнеше жылдан бері құм күреп, жолды тазартып жүрген дистанциялықтар үшін техниканың күші үлкен көмек, біраз жердің қат-қабат құмдарын бір демде қырнап алып, жол табанын аршып кетті.

Соңғы бірнеше жылдан бері, әсіресе ауа-райы алай-дүлей желді Бейнеу өңірінде темір жолды жиі құм басып қалып, жолшылардың жұмысын қиындатып жүргені жасырын емес. Пойыздар қозғалысын қамтамасыз ету үшін қол күшіне зор беріп, темір жолды үйілген құмнан күрекпен аршыған жолшылар үшін бұл да бір міндеттеріне айналғалы қашан. Соның өзінде құм басатын аумақтың ауқымдылығынан жолдың беткі қабатын ғана тазалап үлгеретін. Қырқыншы машиналандырылған жол дистанциясынан жолдың астындағы қиыршық тасты – шебень тазалайтын РМ-80, РМ-2002 техникалары көмекке келіп, біраз жер құмнан толықтай тазарып қалғаны игілікті іс болды.

– Соңғы бес-алты жылдан бері жазда, күз, көктем, тіпті қар жаумасқа қыста да құммен күресіп келеміз. Желдің екпінімен құмды жерлерде шаң-тозаң көтеріліп, темір жолды жауып қалады. Пойыздардың қозғалысына қауіп төндірмес үшін түнімен жолды құмнан тазалау жұмыстары жүргізілетін кездер болады. Құмның жайы күрделі мәселеге айналып кетті. Биыл басшылардың шешімімен машиналандырылған жол дистанцияларынан арнайы техникалар келіп, жұмысымызды жеңілдетіп жатыр. Жол техникаларының көмегімен біраз жерді тазартып алдық. Алдағы уақытта осылай техника күшін пайдаланып, жылдар бойы жиналып қалған құмдардан құтыламыз деген ойдамыз, – дейді Бейнеу жол дистанциясының бастығы Ерназар Ізтұрғанов.

Айтуынша, Самның айналасында 23 шақырымдай аумақты құм басып жатқан. Техниканың күшімен соның 12 шақырымға жуығы тазартылған. Бұл техникалар қыр-қүйек айының ортасында келіп жұмысқа кірісіп, қазанның сегізіне дейін жұмыс істеген.

– Самның басында жұмыс істейтін жігіттеріміз құм тазалаудан қолдары босамайды. Жол шебері Аманжол Қожабаевтың басшылығымен осы учаскедегі жол қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отыр. Құммен күреске қосымша алты жол жөндеуші алынған. Бұл алтаудың күші жетпеген кезде жолды ағымдағы күтіп ұстауға арналған 10 жол жөндеуші жұмылдырылады, – дейді Сам-Теректі, Сам-Ноғайты перерондары бойынша телім бастығы Айбек Оразбаев.

Суретті түсірген автор



ӨРТ ҚАУПІНІҢ АЛДЫН АЛУДА

 **Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
Семей



Биыл Семей ЖТ бөлімшесінде локомотив шаруашылығын тексеру, қадағалау шаралары күшейтіле түсті. Бұл бағытта атқарылған жұмыстар күзгі комиссиялық бақылау кезінде қорытындыланып, нақты шешімдер қабылданды.



Әуелгі кезектегі қолға алынған мәселе тепловоздардың өрт қауіпсіздігі бойынша сақтықты күшейту болып отыр. Бұл ретте әсіресе қолданыста ұзағырақ жүрген локомотивтердің жүріс кезінде ұшқын шығару қауіптілігі көп болып отыр. Сол себепті арнайы комиссия тиянақты тексеру жұмыстарын жүргізіп, тепловоздардан «кіші айналым» кезінде ешқандай кінәрат анықталған жоқ. Ұшқынөшіргіш құрылғы қалыпты жұмыс істеп тұр. Алайда, «үлкен айналымға» өткен ескі тепловоздардың желі бойында ұшқын шығармауына толық кепілдік жоқ. Сондықтан да бірқатар локомотивтердің жанармай жүйесі тексеріліп, үш тепловоздың ұшқынөшіргіш құрылғысы ауыстырылған.

Сонымен қатар, барлық локомотив деполарында қадағалау шаралары күшейтілді. Локомотив бригадаларын күнделікті желіге шығар алдында арнайы бектілген инспекторлар тексеріп шығады. Бұл шаралар желі бойындағы ұшқыннан өрт тұтану қаупінің алдын алады. Мысалы, биылғы жаз мезгілінде ел шығысында орман өрттері тіркеліп, теміржол құрылымдарына да елеулі түрде қауіп төндірген болатын. Сол себепті желі бойындағы өрт қаупіне әкелуі мүмкін барлық жағдаяттар толық қадағалануда. Анықталғандай, қазан айының 1-не дейінгі аралықта өрт қауіптілігіне байланысты 58 кемшілік анықталған. Әйтсе де, бұл өткен жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда 77 көрсеткішке аз саналады. Яғни теміржолшылар жазғы өрт оқиғаларынан сабақ алып, қауіпсіздік шараларын тым күшейткен болып отыр.

Локомотив шаруашылығындағы өрттің алдын алу жұмыстары осылайша қатаң қадағалауға алынып отыр. Жалпы, локомотив шаруашылығы бойынша күзгі комиссиялық байқау кезінде тек Семей өңірі бойынша 90 кемшілік анықталып, 6 тыйым салу шарасы қабылданыпты.

Суретті түсірген автор

Сұхбат

ТИІМДІЛІГІН ДӘЛЕЛДЕГЕН ЖОБА

Елімізде осыдан үш жыл бұрын жол бөлімшелеріндегі диспетчерлер жұмысы аймақтық бөлінісіне орай үш орталыққа кезең-кезеңімен біріктіріліп, пойыздар қозғалысын басқарудың Солтүстік, Батыс және Оңтүстік орталықтары құрылды. Ақмола магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Солтүстік орталық өткен жылы 18 қазанда құрылған болатын. Бір жылдан кейін осы орталық басшысы Азамат Бекмағамбетовтен жұмыс нәтижелері туралы сұхбаттасқан едік.

 **Райхан РАХМЕТОВА,**
Астана

– Бүгінде жаңа құраммен Астанадағы ҚТЖ ғимаратының 6-қабатында бірлесе жұмыс істеп келесіздер. Бір жылда қандай нәтижеге қол жеткізді? Жалпы әр өңір диспетчерлерін бұлай бір орталыққа біріктіріп, бірнеше өңірдегі пойыздар қозғалысын бір жерден басқарудың тиімділігі неде?

– 2010-2020 жылдарға арналған Қазақстан теміржолын дамыту бағдарламасында бұл туралы айтылды. Жоба 2021 жылдан жүзеге асырыла бастады. Жалпы ПҚБАО, яғни Пойыздар қозғалысын басқарудың аймақтық орталығы, орысша айтқанда РЦУП не береді? Мәселен, бұрын әр өңірдің пойыз диспетчерлері сол бөлімшелерде отырған кезде әрқайсысының барлық ақпаратты келесі бөлімшеге өткізу, тапсыру міндеттері болды, ол көп уақыт алатын, белгілі бір жағдайларға байланысты Орталық аппараттан бұйрықтар да ұзақ күтіп қалатын. Ал қазір бәрі, яғни 4 өңір бір жерде, бір залда отырады, тапсырма да, бұйрық та бірден беріледі, ақпараттарды да бір-біріне таратудың қажеті жоқ, осы жерде

бірден көріп отыр. Сонымен қатар қазір бұйрық күтпей-ақ ауысым бастығы немесе кезекші қажет болған жағдайда өзі коллегиялық шешім қабылдай алады. Соның арқасында пойыздар қозғалысын басқару тиімділігі бұрынғыдан біраз жақсарды. Диспетчерлердің өзара іс-қимылының тиімділігі артты. Төрт өңір мамандары бір жерде отырған соң біреуі білмегенді екіншісі айтып жіберіп, көмектесе де қояды.

– Жаңа ұжым жұмысы қалай құрылған? Қанша адам еңбек етеді?

– Жалпы, Солтүстік аймақ бойынша пойыздар қозғалысын басқарудың аймақтық орталығына Ақмола, Қостанай, Қарағанды және Павлодар жол бөлімшелерінің пойыз диспетчерлері қосылды. Штатта 298 адам еңбек етеді. Соның ішінде 124-і – пойыз диспетчерлері. Қызметкерлер ауысыммен жұмыс істейді. 12 сағаттық әр ауысымда 40 адамнан жұмысқа шықса, соның 26-сы диспетчерлер болады. Орталықта шұғыл тарату, клиенттермен жұмыс, жылжымалы құрам және локомотив шаруашылығы, жол шаруашылығындағы толассыздер бойынша бөлімдер бар. Жұмыс МДОЖ, яғни микропроцессорлық



диспетчерлік орталықстандырылған жүйе бағдарламасы бар компьютерлерде пойыздар қозғалысын қадағалау, басқару арқылы жүргізіледі. Арнайы диспетчерлік залда отырып өзіміздің қызмет аумағымызға кіретін телімдерде пойыздардың қалай, қай жерде кетіп бара жатқанын, қай телімде жөндеу жүргізіліп, қанша сағаттық толассыз жарияланғанын, қай пойыз қанша сағатқа кідірітіліп, тіпті жүктерде не тиелгенін, басқа да барлық ақпаратты біз осы жерден біліп отырамыз.

– Кадрларды қалай іріктедіңіздер? Олардың білімін арттыру және басқа өңірлерден келген диспетчерлерді баспанамен қамту мәселесі қалай шешілуде?

– Өріне, бәрінің білімі мен тәжірибесі бірдей емес. Сондықтан

жұмыс барысында үйретіп, тәжірибесін шыңдаймыз. Арасында тест тапсырады, айына екі рет техникалық сабақ өткізіледі. Аттестациядан өтеді. Жалпы пойыз диспетчері қызметіне міндетті түрде кемінде 2 жыл станция кезекшісі болып істеген теміржолшылар ғана алынады. Ал оларды әлеуметтік қолдау жағына келсек, қызмет бабымен өзге өңірлерден Астанаға қоныс аударған қызметкерлерге пәтер жалдау үшін компания 2 жыл бойы ай сайын 80 АЕК, яғни 276 мың теңге көлемінде төлемақы береді. Қиын телімдер бар бізде, мысалы Қарағандыда Мойынты жақтан келетін бағытта 25 жүп жүк пойызы, 25 жолаушылар пойызы өтеді. Ал кейбір телімдерде 8 жүп пойыз жүреді. Сол қиын телімге бөлінген диспетчерлерді ынталандыру үшін компания ай сайын жалақыға қосымша 30 пайыз төлем жасайды. Бүгінгі таңда екі телімде автоматты түрде кесте сызытын жүйе бойынша сынақтық жоба жүзеге асырылуда. Бұл диспетчерлердің жұмысын әлдеқайда жеңілдетіп, тиімділігін арттырады. Қысқасы, диспетчерлік орталықтар – өз тиімділігін дәлелдеген жоба болды деп сеніммен айта аламыз.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

500 ВАГОНҒА ЖУЫҚ АСТЫҚ ТИЕЛДІ



Биыл Ақтөбе облысының егінді алқаптарында дәнді дақыл толық жиналмай қалды. Күз айындағы үздіксіз жауған жауын диқандар жұмысын қиындатқан. Мәселен, астықты аймақ саналатын Әйтеке би ауданында алқаптың 60 пайызы ғана жиналған.

 **Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

Әйтеке би станциясы биылғы тоғыз айда 489 вагонға дәнді дақылды тиеуді жүзеге асырған. Олар көрші Ресей және Өзбекстан елдеріне жөнелтілген. Егін шаруашылығымен айналысатын диқандар тиеу жұмыстарына қатысты қиындық жоқ екенін айтады. Теміржол түйіктері жаз бойы астық тиеу вагондарымен қамтылған. Тапсырыс бойынша қоймадағы астықтарды жөнелтіп отырады.

– Барлық жағдай бақылауда. Астық тиеу,

вагонмен қамтамасыз ету жұмыстарында кедергі жоқ, тоғыз айда тиелген 500 вагонға жуық астық Кавказ, Самарқанд және Карши станцияларына жөнелтілді. Бұдан бөлек 436 вагон саз тиеу жұмыстары ұйымдастырылып, 234 вагон құрылыс материалдары жөнелтілді, – деді Әйтеке би станциясының басшысы Жандос Әбдіжәлелов.

Ақтөбе өңіріндегі егін жинау жұмыстары Жіңішке, Жазық, Әйтеке би, Мәртөк, Ақтөбе станцияларында жүрді. Ақтөбе жүк тасымалы бөлімшесінің мәліметінше, биыл сегіз айда 2408 вагонға 160 мың тоннадан аса астық

тиелген. Өткен 2022 жылдың осы уақытында 2 088 вагонға 141 мың тоннадан аса астық тиеліп, тасымалданған болатын. Жалпы, аймақта егін егуден 15 ірі серіктестік, 107 шаруашылық айналысады. 140 мың гектар алқапқа дән себілген.

Биылғы егін орағы маусымы Үкіметтің тұрақты бақылауында тұр. Премьер-министр егін жинау науқанын қаржылай және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шаралар қабылдауды тапсырды.

Суретті түсірген автор

САУДА ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«KTZ Express» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «KTZ Express» АҚ) «KTZ Express» АҚ мүлкін сату бойынша электронды сауда өткізу туралы хабарлайды, ол 2023 жылдың 27 қазанында 11:00 сағатта Мемлекеттік мүлік тізілімінің www.gosreestr.kz веб-порталында өтеді.

Нысандарды өткізу «KTZ Express» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2018 жылғы 10 қаңтардағы №1 хаттама) «KTZ Express» АҚ Мүлкін өткізу қағидаларына және «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2014 жылғы 23 мамырдағы №66 хаттама) Мемлекеттік мүлік тізілімі веб-порталында мүлкі сату бойынша электронды сауда өткізу регламентіне (бұдан әрі – Регламент) сәйкес жүзеге асырылады.

Бағаны төмендету аукционна мына Нысандар шығарылады:

№	Аты	Саны	Бастапқы баға	Алғашқы баға	Ең төменгі құны	Кепілдік жарна
1	Жалпы ауданы 159,3 ш. м. пәтер, кадастрлық нөмірі 21:318:079:833:7:2, мекен - жайы: Астана қ., Шарль де Голль көшесі, 7-үй, 2-пәтер	1	160 824 182	482 472 547	160 824 182	24 123 627
2	Lexus LX 570, 2014 жыл, меоманер 109RR01	1	38 615 179	115 845 536	38 615 179	5 792 277
3	413 M UHL4 бар ауа тарататын Автоматты модель бағанасы	2	331 520	994 560	331 520	49 728
4	Аспалы діріл тиегіш	2	9 511 040	28 533 120	9 511 040	1 426 656
5	Газоанализатор, модель АВГ-4-2.01, номер 145	1	161 280	483 840	161 280	24 192
6	Газоанализатор, модель M1.01	1	300 160	900 480	300 160	45 024
7	Әмбебап тежегіш стендтерге арналған іргетас жақтауларының жиынтығы	1	449 120	1 347 360	449 120	67 368
8	СТАЦИОНАРЛЫҚ РОЛИКТІ ӘМБЕБАП СТЕНД	1	5 988 640	17 965 920	5 988 640	898 296
9	Аспалтық тірек, СП 1 моделі	2	486 080	1 458 240	486 080	72 912

Сауда қатысушыларын тіркеу тізілім веб-порталында хабарландыруды жариялау күнінен бастап веб-портал арқылы жүргізіледі және сауда басталардан екі сағат бұрын аяқталады.

Сауда-саттыққа тіркелу үшін қатысушының ЭЦҚ-мен қол қойылған, Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауда-саттыққа өтінімді тіркеушінің веб-порталында тіркеу қажет.

Бағаны төмендету әдісін қолдана отырып аукцион түрінде сауда-саттық.

Кепілдік жарналар «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ шотына

енгізіледі: BSN: 050540004455, BSK: HSBKKZKX, IBAN/JСК: KZ946017111000000330, «Народный банк Казахстана» АҚ. Төлемнің тағайындалуы: электронды аукционға қатысу үшін кепілдік жарна (кепілдік жарна көлеміне банк қызметтерінің төлемі кірмейді).

Кепілдік жарна ретінде банк кепілдемесі қабылданбайды.

Кепілдік жарналардың «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ шотына уақытылы түсуі мақсатында кепілдік жарнаны өтінімдерді қабылдау аяқталғанға дейін үш күннен

кешіктірмей төлеу ұсынылады. Сауда нәтижелері туралы хаттаманы тізілім веб-порталы қалыптастырады, сауда өткізу күнінде сатушының және сауда жеңімпазының ЭЦҚ пайдалану арқылы қол қойылады.

Саудада жеңіске жеткен қатысушы сауда нәтижелері туралы хаттамаға қол қоймаған жағдайда сатушы кепілдік жарнаны қайтармайды.

Сауда нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының нысанды сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемесін бекітетін құжат болып табылады.

Жарияланған баға бойынша сатылу объектін сатып алу ниетін бірінші болып растаған қатысушы жеңімпаз болып есептеледі.

Жеңімпазбен сатып алу-сату шартына тізілім веб-порталында сауда қорытындысын шығару күнінен бастап он күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде қол қойылады.

Жеңімпаз мүлкі сатып алуға және сатуға байланысты барлық шығындарды, оның ішінде, бірақ онымен шектелместен, мүлкі тіркеу және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті салықтар мен басқа да төлемдер бойынша шығыстарды төлеуге міндетті.

Жеңімпаз осы арқылы Нысанды сатып алу кезінде ол объектінің техникалық жағдайы мен оның кемшіліктерін толық білетінін және келісетінін растайды.

Жеңімпаз Нысанның ақаулары өтелуге жатпайды және Ақаушы Нысанның кез келген ақаулары үшін жауапкершілік көтермейді деп келіседі.

Жеңімпаз Сатушыға Объектінің сапасы мен толықтығына қатысты талаптарды қоймауға міндеттенеді.

Электронды аукцион өткізу тәртібі, саудаға қатысуды рәсімдеу тәртібі туралы, Жеңімпазды анықтау шарттары жайлы ережелермен Қағидалардан және Регламенттен танысуға болады, олар «KTZ Express» АҚ-ның www.ktze.kz және «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ-ның www.gosreestr.kz сайттарында көпшілік үшін қолжетімділікпен орналастырылған.

Қосымша ақпаратты 87710838734 («KTZ Express» АҚ, Астана қ., Дінмұхамед Қонаев, 10) және 8 (7172) 55-29-81 («АЕО» АҚ, Астана қ., А.Жұбанов қ., 16, 4-қабат) телефондары бойынша алуға болады.

ЗНАТОКИ СВОЕЙ РАБОТЫ



В центре оценки и развития персонала на железнодорожном транспорте прошла церемония награждения победителей республиканского профессионального конкурса «Жас үздік маман» среди молодых работников АО «НК «КТЖ».



Руслан РАХМЕТОВ,
Астана

В течение двух дней более 50 представителей пяти массовых профессий отрасли боролись за звание лучших. В ходе выполнения заданий они продемонстрировали свои лучшие профессиональные и личные качества.

– Профессия железнодорожника была, есть и будет одной из самых уважаемых, – отметил, вручая награды, заместитель генерального директора по корпоративным вопросам ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Владимир Бабиченко. – Ведь именно от слаженной работы специалистов отрасли зависит безопасность, качество, сроки доставки грузов и прибытие пассажиров до пункта назначения. А проведение подобных конкурсов позволит значительно повысить престиж рабочих профессий, производительность труда и станет дополнительной мотивацией для молодых работников.

Конкурс проводился на региональном и республиканском уровнях. Участие в нем могли принять железнодорожники в возрасте до 35 лет по таким профессиям, как монтер пути,

проводник пассажирского вагона, электромонтер контактной сети, приемосдатчик груза и багажа и оператор по обработке перевозочных документов.

– Впервые он стартовал в 2019 году. В текущем году участниками регионального отбора, который проходил в июле-августе, стали более 300 молодых сотрудников. Однако в финал смогли попасть более 50. Здесь финалистам предстояло успешно сдать тестирование и выполнить на специализированных площадках практические задания, – поделился менеджер департамента социальной политики АО «НК «КТЖ» Ержан Жаналиев.

В ходе практических упражнений участникам необходимо было выполнить все задания не только быстро и качественно, но и с безусловным соблюдением технологий работ, правил охраны труда и техники безопасности.

Несмотря на то, что предстоящие задания в целом были знакомы конкурсантам по их повседневной работе, интрига, кто окажется лучшим в некоторых профессиях, сохранялась до конца. К примеру, монтерам пути необходимо было провести одиночную смену подкладок.

Между тем на полигоне разгорелась нешуточная борьба за первое место, лидер сменялся буквально после каждого испытания. Несколько баллов для победы не хватило монтеру пути из Карагандинского ПЧ-24 Алексею Зазуляк. За его плечами 13 лет работы в отрасли. Но железнодорожник уверен, что в следующий раз он обязательно победит.

– Состоявшийся конкурс воспринимаю не только как практический экзамен, но прежде всего как площадку для обмена опытом, трамплин для личного профессионального развития и возможность заявить о себе, – сказал Алексей Зазуляк.

Оценивала действия ребят специальная комиссия, сформированная из специалистов и руководителей профильных хозяйств.

– Хочется отметить знания и навыки, которые показали работники. Все участники конкурса оказались настоящими профессионалами, достаточно сказать, что места распределились с разницей всего в несколько баллов, – отметил мастер производственного обучения Астанинской дистанции пути Еркен Сарсембаев.

По итогам двух финальных испытаний победителями по номинациям стали: «Электромонтер контактной сети» – Алишер Суанбеков из ЭЧ-21 Жамбыл, «Лучший проводник пассажирского вагона» – Ақтай Нұрдаулет, представляющий региональный филиал «Северный» АО «Пассажирские перевозки», «Оператор по обработке перевозочных документов» – Малика Бурамбаева из Алматинского отделения ГП, «Монтер пути» – Махан Дархан из ПЧ-47 Шокпар, «Приемосдатчик груза и багажа» – Жандос Кожобеков из Алматинского отделения ГП.

– Хочу поблагодарить организаторов конкурса и руководство компании. Было весьма волнительно, но очень приятно. Мои родители и близкие трудятся на железной дороге, и я решила последовать их примеру, ведь железная дорога дает стабильный заработок и уверенность в завтрашнем дне, – признается оператор по обработке перевозочных документов станции Достык Малика Бурамбаева, работающая на магистрали третий год. – Все полученные здесь знания я обязательно включу в свою работу и поделюсь со своими коллегами.

Победители отмечены дипломами, статуэтками и единовременной выплатой за первое, второе и третье места.

Фото Александра ЖАБЧУКА

Рационализаторство НА ПОМОЩЬ ПРИХОДИТ СМЕКАЛКА

За третий квартал текущего года железнодорожники Акмолинского региона подали 78 рацпредложений, что соответствует перевыполнению плана. Идея самые разные, но все они способствовали совершенствованию производственных процессов, экономии ресурсов и материалов, снижению затрат.

Жаслан ОРАЗАЛИН,
Кокшетау

